



Бекітемін

Қазақ-Түрік Университетінің Халықаралық
қызметтік жүйесінің Ректоры

Ж.Темірбекова

03 2025ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУ

ҚН-ШМИ-035/05-2025

ПЕДИАТРИЯ КАФЕДРАСЫ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЫ


*Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 7.1 және 7.2
(ғылыми дәрежесі жоқ)*

АЛҒЫ СӨЗ

1. Кадр бөлімімен **ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ**
2. Әзірлегендер – Кадр бөлімінің басшысы Ж.Сыздыкова
– Академиялық департамент директоры А.Бостанова
3. Келісілді – Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының
басшысы С.Қырыкбаева
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2025 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2027 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент қ., 2025ж.



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>ҚН-ШМИ-035/05-2025</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 1-беті

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Педиатрия кафедрасының оқытушысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген кәсіптік стандартқа сәйкес Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің 7 деңгейі, біліктіліктің кіші деңгейі 7.1 (ғылыми дәрежесі жоқ, жоғары білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура) негізінде магистр дәрежесіне ие, ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі жоқ, мамандығы (қызмет бейіні) бойынша практикалық жұмыс өтілі 5 (бес) жылдан кем тұлға) және біліктіліктің кіші деңгейі 7.2 (ғылыми дәрежесі жоқ, жоғары білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура) негізінде магистр дәрежесіне ие, ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 3 (үш) жыл немесе мамандығы (қызмет бейіні) бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл тұлға) санатына жатады және профессор-оқытушылар құрамына енгізіледі. Ол жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында академиялық, ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік, тәрбие және қоғамдық қызметті жүзеге асырады.

1.2 Оқытушы өз қызметінде Қазақстан Республикасының (әрі қарай – ҚР) Конституциясын, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз етуге арналған халықаралық стандарттарды (ESG – Еуропалық жоғары білім беру кеңістігінің стандарттары мен нұсқаулықтары, ISO 9001 сапа менеджменті жүйесінің стандарты), Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін, білім беру бағдарламаларын, ҚР Ғылым және жоғары білім және Денсаулық сақтау министрліктерінің нормативтік құжаттарын, университет Жарғысы мен Даму бағдарламасын, университет Ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, сондай-ақ университеттің ішкі нормативтік актілері мен ережелерін басшылыққа алады.

12.1. Университет педагогтарының кәсіби дамуы формальды, бейформальды және информальды білім нәтижелерін тану қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы №591 бұйрығы).

1.3 Оқытушы қызметіне ашық конкурс негізінде университет Ректорының бұйрығымен қызметке қабылданады және босатылады.

1.4 Оқытушы тікелей кафедра меңгерушісіне бағынады.

1.5 Оқытушы тікелей басшысының ауызша және жазбаша тапсырмаларын орындауға міндетті.

1.6 Оқытушы белгілі себептермен қызметінде болмаған кезде оның оқу жүктемесі кафедра меңгерушісінің шешімімен кафедраның басқа оқытушысына жүктеледі.

2 БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

2.1 Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің 7 деңгейі санатына (ғылыми дәрежесі жоқ) жататын оқытушы қызметіне жоғары білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура) негізінде магистр дәрежесінің болуы.

2.2 Оқытушы білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 2-беті

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;
- білім беру саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілерді;
- білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістемесін;
- оқу жоспарларын әзірлеу тәртібін;
- оқу-әдістемелік құжаттарды рәсімдеу мен жүргізу ережелерін;
- кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіби оқыту әдістемесін;
- студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің заманауи формалары мен әдістерін;
- экономика негіздерін және еңбек заңнамасын;
- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігі бойынша талаптар мен нормаларды;
- университет Жарғысын;
- университеттің Даму бағдарламасын;
- қызметтік этиканы;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын;
- сапа менеджменті жүйесінің талаптарын;
- осы қызметтік нұсқауды;
- университеттің ішкі еңбек тәртіп ережесін;
- кафедра туралы Ережені.

Ескерту: *Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 7.1 (ғылыми дәрежесі жоқ) жаңа қабылданған оқытушылар оқу жоспарларын әзірлеу тәртібін, оқу-әдістемелік құжаттарды рәсімдеу мен жүргізу ережелерін, білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен әдістемесін кафедра мен университет тарапынан берілетін әдістемелік қолдау барысында меңгереді.*

2.3 Оқытушыға бекітілген тәртіпке сай атқаратын қызметінің сәйкестігі бойынша аттестациялаудан өтеді.

3 МІНДЕТТЕР

3.1 Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 7.1 (ғылыми дәрежесі жоқ, жоғары білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура) негізінде магистр дәрежесіне ие, ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі жоқ, мамандығы (қызмет бейіні) бойынша практикалық жұмыс өтілі 5 (бес) жылдан кем тұлға) оқытушының еңбек функциялары.

3.1.1 Еңбек функциясы 1: Оқыту

3.1.1.1 Дағды: Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету;

3.1.1.1.1 Біліктер:

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, оқу сабақтарын (дәрістерден басқа) ұйымдастыру және өткізу;
- білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша семинар оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;
- цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен кері байланыс орнату.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 3-беті

3.1.1.1.2 Білімдер:

- университетте білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары;
- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.

3.1.1.2 Дағды: Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету;

3.1.1.2.1 Біліктер:

- оқу сабақтарын өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру;
- мамандықтағы инновацияларды оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары білім беру даярлау бағыты бойынша).

3.1.1.2.2 Білімдер:

- практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;
- кәсіп саласындағы қазіргі тенденциялар (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

3.1.2 Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу

3.1.2.1 *Дағды:* Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету;

3.1.2.1.1 Біліктер:

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар /шығармашылық жобалар мен жұмыстарды орындауға қатысу;
- ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру;
- ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.

3.1.2.1.2 Білімдер:

- ғылыми зерттеулер әдіснамасы;
- ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар;
- ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілер.

3.1.2.2 *Дағды:* Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту;

3.1.2.2.1 Біліктер:

- бакалавриат білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу,
- бакалавриат білім алушыларының ғылыми-зерттеу/ғылыми-шығармашылық қызметі мен жарияланымдық белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.

3.1.2.2.2 Білімдер:

- білім алушылардың ғылыми зерттеулерінің ерекшелігі;
- ғылыми зерттеулерде/ шығармашылық жобаларда бакалавриат білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.

3.1.3 Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру

3.1.3.1 *Дағды:* Университетте макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

3.1.3.1.1 Біліктер:

- оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 4-беті

- кәсіби біліктілікті арттыру;
- бакалавриаттың семинар/ практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білім интеграциясын қамтамасыз ету;
- оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдану.

3.1.3.1.2 Білімдер:

- жоғары білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі);
- психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттары;
- заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары.

3.1.4 Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру

3.1.4.1 *Дағды:* Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету;

3.1.4.1.1 Біліктер:

- университет саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту;
- білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету;
- академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаларын сақтау.

3.1.4.1.2 Білімдер:

- педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы;
- педагогикалық аксиология;
- жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.

3.1.4.2 *Дағды:* Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру;

3.1.4.2.1 Біліктер:

- білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.

3.1.4.2.2 Білімдер:

- педагогикалық деонтология, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамалары (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша);
- мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігі (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

3.1.5 Қосымша еңбек функциялары: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл.

3.1.5.1 *Дағды:* Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл;

3.1.5.1.1 Біліктер:

- университет білім алушыларымен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру;
- университет әріптестерімен және қызметтерімен командада жұмыс істеу.

3.1.5.1.2 Білімдер:

- білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары,

3.1.5.2 *Дағды:* Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл;

3.1.5.2.1 Біліктер:

- білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 5-беті

- болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту;
- дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.

3.1.5.2.2 Білімдер:

- шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары;
- халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер.

3.2 Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктіліктің кіші деңгейі 7.2 (ғылыми дәрежесі жоқ, жоғары білім және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім (ғылыми-педагогикалық магистратура) негізінде магистр дәрежесіне ие, ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 3 (үш) жыл немесе мамандығы (қызмет бейіні) бойынша практикалық жұмыс өтілі кемінде 5 (бес) жыл тұлға) оқытушының/аға оқытушының міндетті еңбек функциялары.

3.2.1 Еңбек функциясы 1: Оқыту

3.2.1.1 Дағды: Білім алушылардың академиялық құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету;

3.2.1.1.1 Біліктер

- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттарын ескере отырып, дәріс, семинар және практикалық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу;
- білім, ғылым және инновациялардың интеграциясын ескере отырып, оқытылатын пәндер бойынша оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу;
- цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен кері байланыс орнату.

3.2.1.1.2 Білімдер:

- университетте білім беру-ғылыми процесті жоспарлау мен ұйымдастырудың негізгі талаптары;
- студенттік орталықтандырылған оқыту және бағалау қағидаттары, оқытылатын пәндердің мазмұны.

3.2.1.2 Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің талап етілетін деңгейін қамтамасыз ету:

3.2.1.2.1 Біліктер:

- оқу сабақтарын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуде мамандық ерекшелігін (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша) ескеру;
- мамандықтағы инновацияны оқу процесіне экстраполяциялау (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

3.2.1.2.2 Білімдер:

- практика бағытталған оқыту әдістері мен технологиялары;
- мамандықтар саласындағы қазіргі үрдістер (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 6-беті

3.2.2 Еңбек функциясы 2: Ғылыми зерттеулер жүргізу

3.2.2.1 Дағды: Ғылым, жоғары білім және еңбек нарығының интеграциясын қамтамасыз ету;

3.2.2.1.1 Біліктер:

- ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауға қатысу;
- ғылыми нәтижелілік пен жарияланым белсенділігін арттыру;
- ұлттық және халықаралық дерекқорлармен жұмыс істеу.

3.2.2.1.2 Білімдер:

- ғылыми зерттеулер әдіснамасы;
- ғылыми зерттеулер жүргізу кезіндегі этикалық нормалар;
- ғылым саласындағы нормативтік құқықтық актілер.

3.2.2.2 Дағды: Білім алушыларда зерттеу дағдыларының талап етілетін деңгейін дамыту;

3.2.2.2.1 Біліктер:

- бакалавриат білім алушыларының зерттеу дағдыларын диагностикалауды жүргізу,
- бакалавриат білім алушыларының зерттеу қызметі мен жариялау белсенділігін дамыту және қолдау стратегияларын қолдану.

3.2.2.2.2 Білімдер:

- бакалавриат білім алушыларының ғылыми зерттеу дағдыларын диагностикалау;
- ғылыми зерттеулерде бакалавриат білім алушыларының ынтасы мен белсенділігін арттыру стратегиялары.

3.2.3 Еңбек функциясы 3: Ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыру

3.2.3.1 Дағды: Университетте макропроцестерін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;

3.2.3.1.1 Біліктер:

- оқу-әдістемелік жұмысты жүргізу және әдістемелік құзыреттілікті дамыту;
- кәсіби біліктілікті арттыру;
- бакалавриаттың семинар/ практикалық сабақтарын өткізу кезінде пәндік саладағы білім мен психологиялық-педагогикалық білім интеграциясын қамтамасыз ету;
- оқытудың заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) технологияларын қолдану.

3.2.3.1.2 Білімдер:

- ғылым және жоғары білім саласындағы нормативтік құқықтық актілер (оның ішінде Ұлттық біліктілік жүйесі);
- психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы) білімді интеграциялау тетіктері мен қағидаттары;
- заманауи және инновациялық (оның ішінде цифрлық) оқыту технологиялары.

3.2.4 Еңбек функциясы 4: Білім алушы жастарды әлеуметтендіру

3.2.4.1 Дағды: Студенттік ортада әлеуметтік құндылықтарды ілгерлету;

3.2.4.1.1 Біліктер:

- университет саясаты мен рәсімдеріне сәйкес білім беру ортасы мен ұйымдық мәдениетті қолдау және дамыту;
- білім алушылардың азаматтық және кәсіби белсенділігін арттыруға ықпал ету;
- академиялық адалдық пен парасаттылық қағидаларын сақтау.

3.2.4.1.2 Білімдер:

- педагогикалық менеджмент және жас ерекшелік психологиясы;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 7-беті

- педагогикалық аксиология;
- жастар ортасында және қоғамда жаһандық және ұлттық құндылықтарды ілгерілету тұжырымдамалары, стратегиялары, тетіктері.

3.2.4.2 Дағды: Білім алушыларды таңдалған кәсіптің құндылықтарымен таныстыру;

3.2.4.2.1 Біліктер:

- білім алушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылығын қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қағидаттарын сақтау.

3.2.4.2.2 Білімдер:

- педагогикалық деонтология, басқа мамандықтардың деонтологиялық тұжырымдамалары (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша);
- мамандықтың құндылық белгілерінің ерекшелігі (жоғары білім беруді даярлау бағыты бойынша).

3.2.5 Қосымша еңбек функциялары: Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру стейкхолдерлерімен өзара іс-қимыл.

3.2.5.1 Дағды: Ішкі стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл;

3.2.5.1.1 Біліктер:

- университет білім алушыларымен, әріптестерімен және қызметкерлерімен оңтайлы коммуникациялар құру;

- университет әріптестерімен және қызметтерімен командада жұмыс істеу.

3.2.5.1.2 Білімдер:

- білім алушылармен педагогикалық өзара іс-қимыл қағидаттары,
- академиялық және кәсіби ортадағы коммуникация стратегиялары мен тетіктері

3.2.5.2 Дағды: Сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл;

3.2.5.2.1 Біліктер:

- білім алушыларды қоғамдық жастар қозғалыстары мен ұйымдарына тарту;
- болашақ мамандарды даярлау процесіне жұмыс берушілерді тарту;
- дайындық бағыты бойынша сала қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.

3.2.5.1.2 Білімдер:

- шетелдік және қазақстандық жастар қозғалыстарының (волонтерлік, жасыл жасақтар, скауттар) және ұйымдардың саясаты мен стратегиялары;
- халықаралық және қазақстандық еңбек нарығындағы инновациялық процестер.

3.3 Білім алушылардың оқулықтармен, арнайы және ғылыми әдебиеттермен, оқу құралдарымен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оларды өз бетінше эксперимент жүргізуге және алынған нәтижелерді жинақтауға үйрету.

3.4 Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бакалавриат білім алушыларымен тұрақты кері байланыс орнату;

3.5 Түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау. Түрлі деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде өзекті мақалалар жариялау.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 8-беті

3.6 Оқу үдерісінің, құрылымдық бөлімшелердің, зертханалардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, дамытуға және жетілдіруге бағытталған шараларды дайындауға және жүзеге асыруға белсенді қатысу.

3.7 Сабақтарда, зертханалық және практикалық жұмыстарда студенттер мен кафедра оқытушыларының еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауына бақылау жасау.

3.8 Профессордың, доценттің немесе аға оқытушының (пән координаторының) жетекшілігімен оқу сабақтарының әдістемелік және техникалық қамтамасыз етілуін ұйымдастыру және жоспарлау.

3.9 Кафедрадағы зерттеу тақырыбы аясында өткізілетін семинарларға, мәжілістерге, конференцияларға, оның ішінде кафедра жолдамасы бойынша халықаралық конференцияларға қатысу.

3.10 Индикативті жоспардың орындалуы туралы есепті дайындау және ұсыну.

3.11 Инклюзивті білім беру теориясы мен әдістемесін білу;

3.12 Оқу жоспарларын әзірлеу тәртібін меңгеру;

3.13 Оқу жұмыстарының құжаттарын жүргізу ережелерін, кәсіби білім беру педагогикасын, физиологиясын, психологиясын және кәсіби оқыту әдістемесін білу;

3.14 Негізгі кәсіби қызметінің тәуекелдерін анықтау және азайту шараларын қамтамасыз ету, факультеттің сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын орындауға және жетілдіруге қатысу

3.15 Кәсіби этиканы және еңбек заңнамасын сақтау;

3.16 Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтау;

3.17. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнамасын сақтап, оқу үдерісінде академиялық адалдық қағидаттарын басшылыққа алу;

3.18. Қажет болған жағдайда университеттің бекітілген кестесіне сәйкес аралық аттестацияда емтихан қабылдаушы міндетін атқару.

3.19 Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар: Мейірімділік, қарым-қатынас, эмпатия, стресске төзімділік, эмоционалды тепе-теңдік, кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, оқыту және зерттеу дағдыларын дамыту мүмкіндігі.

4 ҚҰҚЫҒЫ

4.1 Өз міндеттерін сапалы орындау үшін кафедра меңгерушісіне оқу және ғылыми жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

4.2 Кәсіби қызметін жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлармен (әдістемелік, ақпараттық, техникалық, материалдық) қамтамасыз етілуге.

4.3 Өзінің кәсіби беделі мен ар-намысын қорғауға.

4.4 Белгіленген тәртіппен халықаралық, республикалық және аймақтық ғылыми-практикалық конференцияларға, семинарларға, тренингтерге қатысуға.

4.5 Білім беру қызметіндегі жетістіктері үшін материалдық көтермелеуге, сыйақы алуға және грамоталармен марапатталуға.

4.6 Белгіленген тәртіппен университет әкімшілігінің шешімдері мен бұйрықтарына шағым жасауға.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-2025
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 9-беті

4.7. Өзінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында тағылымдамаларға, курстарға және біліктілікті арттыру бағдарламаларына қатысуға.

4.8. Университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен оқу-әдістемелік және ғылыми қызметте академиялық еркіндікке ие болуға.

4.9. Білім алушыларға әдістемелік материалдар әзірлеу үшін университеттің кітапханалық-ақпараттық қорын, цифрлық ресурстарын және басқа да оқу-зерттеу базаларын пайдалануға.

4.10. Оқу үдерісінде туындаған мәселелерді шешуде кафедра мен факультет әкімшілігінен әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау алуға.

5 ЖАУАПКЕРШІЛІК

5.1. Қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін.

5.2. Атқарған жұмысының сапасы төмен болған жағдайда.

5.3. Кафедраның материалдық-техникалық базасын мақсатқа сай емес пайдаланғаны үшін.

5.4. Жұмыстың сапасыз орындалуына және жұмыс барысында жіберілген қателіктерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің құзыретіне кіретін шешімдерді қабылдамағаны үшін.

5.5. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағаны үшін.

5.6. Қызметтік этиканы сақтамағаны үшін.

5.7. Қызметтік және академиялық ақпараттық құпияны жария еткені үшін.

5.8. Университет Жарғысында, ішкі құқықтық актілерде, кафедра туралы ережеде және осы лауазымдық нұсқаулықта көрсетілген міндеттерін орындамағаны үшін.

5.9. ҚР «Еңбек кодексінде» көзделген еңбек тәртібін бұзғаны және өзіне жүктелген міндеттерді орындау барысында басқа да құқық бұзушылықтарға жол бергені үшін.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ҚН-ШМИ-035/05-202
Сапа менеджментінің жүйесі	Қызметтік нұсқау	
Оқытушының қызметтік нұсқауы, 1-ші нұсқа 02.09.2025ж.		11 беттің 10-беті

5.10. Өзіне сеніп тапсырылған университет мүлкін және материалдық құндылықтарды сақтамағаны үшін, келтірілген зиянды қолданыстағы заңнамаға сәйкес өтеуге міндетті.

5.11. Академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін (плагиатқа жол беру, студенттердің әділ бағалануына кедергі келтіру).

5.12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзғаны үшін.

5.13. Білім алушылардың құқықтарын бұзғаны және олармен дөрекі немесе әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін.

5.14. Университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын орындамағаны үшін.

КЕЛІСІЛДІ

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова

Заң бөлімінің басшысы



Г.Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



С.Кырыкбаева

Φ-СМБ-004

ТАНЫСУ және КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

[illegible]